



Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 қарашада № 9891 тіркелді.

"Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 4)-тармақшасына, 14-бабының 4-тармағына, 20-бабының 4 және 8-тармақтарына, 30-бабының 1, 2 және 4-тармақтарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау туралы ереже;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою не оларды алып қоймай міндетті түрде залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және өндеу қағидалары;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Жеке және заңды тұлғалардың жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қойылатын және жойылатын ауру жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың немесе жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін, алып қоймай залалсыздандырылған (зарарсыздандырылған) және қайта өңделген жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың құнын өтеу қағидалары мен шарттары;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Профилактикасы, диагностикасы мен жойылуы бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі;

6) осы бұйрыққа **6-қосымшаға сәйкес** Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары;

7) осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Ветеринариялық бақылау бекеттерін ұйымдастыру қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.04.2020 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық және тамақ қауіпсіздігі департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министрі Г.С. Исаеваға жүктелсін.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 16.09.2015 № 7-1/822 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

" ____ " _____ 2014 жылы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрі

_____ Б. Сұлтанов

" ____ " _____ 2014 жылы

7

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2014 жылғы 30 қазандағы
№ 7-1/559 бұйрығына
6-қосымша

Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. 6-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 07.04.2020 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидалары (бұдан әрі

- Қағидалар) "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 8-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ветеринария саласындағы уәкілетті органның ведомствосы (бұдан әрі - ведомство) - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті органның бөлімшесі;

2) ветеринариялық бақылау бекеті (бұдан әрі - ВББ) - шекара және кеден пункттері (Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері) аумағында, сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің өзге де орындарында және ветеринария саласындағы уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда орналасқан, қажетті жабдықпен және аспаптармен жарақтандырылған, өткізілетін (тасымалданатын) объектілерге мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды және (немесе) өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің әкелінуі, транзиті туралы алдын ала ақпаратты қабылдауды жүзеге асыратын ведомствоның бөлімшесі;

3) рұқсат - кейін ветеринариялық ілеспе құжатта (ветеринариялық сертификатта) көрсетіліп, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспорты, импорты, транзиті кезінде тізілімде тіркей отырып, ведомство беретін нөмір;

4) тізілімнен үзінді көшірме - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің импортына, экспортына, транзитіне рұқсат беру туралы уәкілетті органның ведомствосы беретін рұқсат нөмірі мен орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы мәліметті қамтитын жазбаша хабарлама;

5) тізілім - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер туралы мәліметтерді және импортқа, экспортқа, транзитке берілген рұқсат нөмірін қамтитын ведомствоның ақпараттық базасы;

6) мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жататын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер (бұдан әрі - орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер) - жануарлар, жануарлардың жыныстық және соматикалық жасушалары, жануарлар ауруларын қоздырғыштардың штаммдары, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат,

ветеринариялық препараттар, жемшөп пен жемшөп қоспалары, патологиялық материал немесе олардан алынатын сынамалар, судың, ауаның, топырақ қабатының, өсімдіктердің сынамалары, ветеринариялық және зоогигиеналық мақсаттағы бұйымдар мен атрибуттар, сондай-ақ оларды буып-түю және тасымалдау үшін пайдаланылатын ыдыстың барлық түрлері және осындай орны;

7) құжаттамалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау - тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайдың бағалануын ескере отырып, өткізілетін (тасымалданатын) объектілердің қауіпсіздігін, экспортына, импортына және транзитіне арналған рұқсаттардың бар-жоғын, сондай-ақ берілген құжаттар мазмұнының Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарына сәйкестігін растайтын құжаттарды тексеру;

8) физикалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақыланатын және қадағаланатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді жете тексеру және жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты ветеринариялық қарап-тексеру, ұсынылған ветеринариялық ілеспе құжаттарда көрсетілген деректерге сәйкестікті тексеру, оларда көрсетілмеген объектілердің бар болуын, сондай-ақ үйлеспейтін объектілердің бірге орны ауыстырылуын (тасымалдануын) болғызбау, көлік құралының орын ауыстыру (тасымалдау) шарттары мен режиміне, орамның және таңбалаудың белгіленген ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкестігін бақылау;

9) зертханалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау - тасымалданатын бақылаудағы тауарларды тексеру кезінде көрінетін органолептикалық өзгерістер анықталған және жануарлардың жұқпалы ауруларын болғызбаған жағдайларда осы мақсаттарға аккредиттелген зертханаларда зерттеулер жүргізу жолымен жүзеге асырылады.

3. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер міндетті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауға және қадағалауға жатады.

4. Қазақстан Республикасының аумағына басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуының алдын алу мақсатында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру үшін ветеринария саласындағы уәкілетті орган шекаралық және кедендік пункттерде (Еуразиялық экономикалық одақтың шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері), сондай-ақ автомобиль қатынасы шегінде Қазақстан Республикасының аумағында

орналасқан Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасы арқылы тауарларды өткізудің өзге де орындарында және уәкілетті орган айқындаған өзге де орындарда ВББ ұйымдастырылады.

ВББ-да мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалауды мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар жүзеге асырады.

5. ВББ-ның Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары ветеринариялық қарап-тексеруді (жете тексеруді), диагностиканы немесе ветеринариялық-санитариялық сараптаманы жүргізу кезеңінде, сондай-ақ олар ветеринариялық құжаттарсыз тасымалданған кезде немесе ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларға, талаптарға сәйкес келмеген жағдайларда, ВББ-да Заңның 17-бабы 6-1) тармақшасына сәйкес көлік құралдарын тоқтатуға және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді кідіртуге құқығы бар.

2-тарау. ВББ-да мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру тәртібі

6. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдау кезінде ВББ-да құжаттамалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді физикалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды (орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қарап-тексеру (жете тексеру) және зертханалық зерттеу үшін зертханалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау (сынамалар алу (қажет болса)) жүзеге асырады.

7. Құжаттамалық бақылауға:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге ветеринариялық ілеспе құжаттың (ветеринариялық сертификаттың) болуын;

ветеринариялық сертификат:

ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалар дайындаушы-кәсіпорын беретін, олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжатпен сүйемелденеді;

жеке тұлғалар жеке пайдалану үшін тасымалдайтын, саны 2 бастан аспайтын иттер мен мысықтар, сондай-ақ халықаралық паспортты алып жүру арқылы спорттық жылқылар, онда жөнелтер алдында 5 (бес) күнге дейінгі кезеңде клиникалық тексеру жүргізу туралы құзыретті органның белгісі болған жағдайда;

жеке тұлғалардың жеке пайдалануы үшін көрсетілген өнімді өндіруші елдің және әкету елінің эпизоотиялық жағынан саламатты болған жағдайда, зауыттық орамдағы жануарлардан алынатын дайын өнімді бір жеке тұлғаға есептегенде 5

(бес) килограммға дейін қоса алғанда, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді жеке пайдалануға арналған қол жүгін, багажы мен почта жөнелтілімдерін әкелу кезінде талап етілмейді;

2) ветеринариялық ілеспе құжаттың дұрыс (толық) толтырылуы;

3) экспорттаушы елдің құзыретті органының қолдары мен мөр бедерлері болған жағдайда;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспорттаушы немесе импорттаушы елдің ветеринариялық-санитариялық талаптарына сәйкестігін растайтын ілеспе ветеринариялық құжатта мәліметтердің болуы;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект туралы мәліметтердің және импортқа, экспортқа, транзитке рұқсат нөмірінің нысаны Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген) бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларында көзделген тізілімінен алынған үзінді көшірме деректеріне сәйкестігін тексеру кіреді (Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасына сәйкес импортына, экспортына, транзитіне рұқсаты болуы тиіс орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге қолданылады);

6) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге берілген ветеринариялық ілеспе құжаттар мазмұнының сәйкестігі;

7) ұсынылған ветеринариялық ілеспе құжаттарда, көліктік (тасымалдау) құжаттарда мәліметтердің қайшылықтары болмаған;

8) Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге шектеулері мен тыйым салуының болмауы;

9) Қазақстан Республикасының және Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасында белгіленген жағдайларда Кеден одағының кедендік аумағына әкелінетін бақылауға жататын тауарларды өндіруді, өңдеуді және (немесе) сақтауды жүзеге асыратын ұйымдар мен адамдардың тізілімінде, Еуразиялық экономикалық одақтың бір мүше-мемлекеттен басқа мүше мемлекетке тасымалданатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді жүзеге асыратын ұйымдар мен адамдардың тізілімінде болуын тексеру кіреді.

8. Құжаттамалық бақылаудың нәтижесі:

1) ұсынылған құжаттардың белгіленген талаптарға сәйкестігін не сәйкес еместігін анықтау;

2) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні әкелуге, әкетуге, транзитке, өткізуге Еуразиялық экономикалық одақтың және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының құжаттарының болуын не болмауын не тыйым салу немесе шектеу фактісін анықтау болып табылады.

9. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні физикалық мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауының, оның салмағының (көлемінің), жалпы санының таңбалау деректеріне және ілеспе ветеринариялық құжат мәліметтеріне сәйкестігін тексеруді;

2) көлік құралына қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуын тексеруді;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні тасымалдау режимі мен шарттарына қойылатын ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптардың сақталуын тексеруді;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні ветеринариялық тексеру (тасымалдау талаптарына сәйкестігі), ал тірі жануарларды тасымалдау кезінде (қажет болса) термометрия жүргізу, пульсті және тыныс алуды өлшеуді;

5) буып-түю мен таңбалаудың белгіленген талаптарға сәйкестігін тексеруді қамтиды.

10. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні қарап-тексеру (жете тексеру) көлік компаниясы өкілінің немесе өнімді тасымалдау кезеңінде жүк алушының/жүк жөнелтушінің өкілі болып табылатын өкілдің қатысуымен жүзеге асырылады.

Қарап-тексеру (жете тексеру) нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық-санитариялық тексеру (тексеру) актісі жасалады.

11. Айқындаулар кезінде зертханалық зерттеулер үшін сынама алу:

1) жануарды кейін оқшаулай отырып, олардың клиникалық жағдайының өзгеруі. Жануарлардың аса қауіпті ауруларын анықтау мақсатында қанның, сілекейдің, мұрын ағындыларының, экскрименттердің сынамаларын іріктеу;

2) диагнозын белгілеу мақсатында жануардың өлім-жітімі (патологиялық материал алу);

3) дефростацияның, бүлінудің, тұтастығының, таңбалауының, бұзылуының белгілері, бөтен иістің болуы, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің ағуы анықталған кезде жүзеге асырылады.

Іріктеп алынған материалдар зерттеулер жүргізу үшін ілеспе құжатпен бірге жақын жердегі ветеринариялық зертханаға жолданады.

Ветеринария саласындағы зертханалық зерттеулер халықаралық және ұлттық стандарттарда, сондай-ақ өнімдердің түріне, оларды зерттеу әдісіне және зерттелетін қауіпсіздік көрсеткішіне байланысты Халықаралық эпизоотиялық бюро аясында әзірленген стандарттарда, нұсқамаларда және ұсынымдарда белгіленген мерзімдерде, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2014 жылғы 9 қазандағы № 94 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын объектілерге бірлескен тексерулер жүргізудің және тауарлардың (өнімдердің) сынамаларын іріктеудің бірыңғай тәртібі туралы ережеге, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2017 жылғы 10 қарашадағы № 80 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауды (қадағалауды) жүзеге асыру кезінде зертханалық зерттеулер (сынақтар) жүргізуді ұйымдастыру қағидаларына сәйкес жүргізіледі.

12. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге қойылатын Қазақстан Республикасының мен Еуразиялық экономикалық одақтың заңнамасы талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді өткізу кезінде ветеринариялық-санитариялық талаптардың бұзылуы туралы акт жасайды.

13. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелерінің негізінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің орнын ауыстыруы кезінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) рұқсат беру (өткізу) туралы;
- 2) әкелуге тыйым салу туралы;
- 3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қайтару туралы;
- 4) әкелуді уақытша тоқтата тұру туралы.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерге қатысты қабылданған шешімді ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы ветеринариялық және тауарға ілеспе құжаттарға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес, нысан бойынша тиісті мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау мөртабандарды қою арқылы ресімдейді.

14. Рұқсат беру (өткізу) туралы шешім ветеринариялық ілеспе құжаттардың және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкестігі анықталған кезде қабылданады.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект межелі пунктке дейін жіберіледі, кейіннен оны межелі пунктке тіркей отырып және қажет болған жағдайда оның қауіпсіздігін растау рәсімін (сынамаларды іріктеу және зертханалық зерттеулер жүргізу) жүргізу арқылы жіберіледі.

15. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні әкелуге тыйым салу туралы шешім:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкессіздігі анықталған;

2) ветеринариялық ілеспе құжаттар, уәкілетті органның ведомствосы берген рұқсат болмаған жағдайда;

3) ветеринариялық ілеспе құжаттарда орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкестігі туралы толық ақпарат болмаған;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің шыққан еліндегі немесе жөнелтуші еліндегі эпизоотиялық жағдайдың өзгеруі (нашарлауы);

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің әкелінетін, әкетілетін көлемі (саны) ілеспе ветеринариялық құжаттарда көрсетілген көлемнен (саннан) асып кеткен жағдайларда жүзеге асырылады.

Әкелуге тыйым салынған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесі оны кеден пункті аумағының шегінен тыс әкетуді немесе аса қауіпті аурулардың әкеліну қаупі анықталған жағдайда жоюды (кәдеге жаратуды) қамтамасыз етеді.

16. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні қайтару туралы шешім олар қауіпсіздік жөніндегі ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес келмеген кезде қабылданады.

Қауіпсіздік жөніндегі ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес келмейтін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні кеден пункті аумағының шекарасынан тыс әкету мүмкін болмаған жағдайда, мұндай объектілер Адамның өмірі мен денсаулығына және жануарларға, қоршаған ортаға қауіп төндіретін тамақ өнімдерін кәдеге жарату және жою ережесін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 140 қаулысына (бұдан әрі - Кәдеге жарату және жою ережесі) және "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес кәдеге жаратылады немесе жойылады.

17. Осы Қағидалардың 14, 15 және 16-тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы осы Қағидалардың 13-тармағының 1), 2) және 3) тармақшаларына сәйкес тиісті шешім қабылдайды және ілеспе ветеринариялық құжаттарға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау мөртабандарды қояды: "Кіргізуге рұқсат", "Ветқадағалауға ұсыну", "Кіргізуге тыйым салынады" немесе "Жүкті қайтару", "Транзитке рұқсат" немесе "Транзитке тыйым салынады", Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағынан әкету пунктінде - "Транзит аяқталды" деген мөртабан қойылады одан кейін ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы өзінің тегі мен аты-жөнін көрсете отырып, мөрмен және қолымен куәландырады.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні қайтару туралы шешім қабылданған жағдайда, ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қайтару туралы декларацияны және осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қайтару туралы актіні ресімдейді.

18. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні әкелуді уақытша тоқтата тұру туралы шешім:

1) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің сынамаларын іріктеуді жүзеге асыру және оларды аса қауіпті аурулардың әкелінуін болдырмау және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің қауіпсіздігін растау мақсатында ветеринариялық зертханаға жолдаған;

2) ветеринариялық ілеспе құжаттардың деректерін және орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні әкелуге, әкетуге рұқсатты нақтылау (растау) қажет болған;

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің қиылысу пункті өзгертілген (жаңа рұқсат алғанға дейін) кезде қабылданады.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің қозғалысын тоқтата тұрған ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы оның одан әрі қозғалысы (қайтарылуы) туралы шешім қабылданбаған жағдайда 2 (екі) сағат ішінде бұл туралы ведомствоның тиісті аумақтық бөлімшесін электрондық почта арқылы электронды түрде хабардар етеді және ол орналасқан қызмет

көрсету аймағындағы ведомствоның тиісті аумақтық бөлімшесіне жедел ақпаратты осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

Бұл ретте орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің орнын ауыстыру кезінде ветеринариялық-санитариялық талаптардың бұзылуы туралы акт осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ресімделеді, ол орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесіне (экспедиторға) тапсырылады. Ветеринариялық бақылау бекеті арқылы өткізу кезінде қозғалысы тоқтатыла тұрған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер туралы ақпарат осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес 1-нысан бойынша өткізу пунктінде ұсталған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді есепке алу журналына енгізіледі.

Ведомство бұл туралы 24 (жиырма төрт) сағат ішінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің шыққан елінің ветеринария саласындағы уәкілетті лауазымды адамын уәкілетті органның электрондық почтасына электрондық түрде хабардар етеді және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің орны ауыстырылуы кезінде ветеринариялық-санитариялық талаптардың бұзылуы туралы акт жолдайды.

Тоқтатылған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді одан әрі орнын ауыстыру туралы шешімді ведомство және оның аумақтық бөлімшесі 72 (жетпіс екі) сағат ішінде қабылдайды.

19. Уақытша тоқтатылған орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні орналастыру зертханалық зерттеулер нәтижелері нақтыланғанға және/немесе алынғанға дейін уақытша сақтау қоймаларында және/немесе изоляторларда жүзеге асырылады.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің қауіпсіздігі расталған кезде елге рұқсат етіледі.

Зертханалық зерттеулердің нәтижелері бойынша аса қауіпті ауру анықталған кезде кейіннен жойыла отырып, әкелуге жол берілмейді.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің қауіпсіздік талаптарына сәйкессіздігі анықталған кезде кәдеге жарату (жою) үшін әкелуге рұқсат етіледі. Иесі оның шығу тегін ветеринариялық-санитариялық тұрғыдан қауіпсіздікті куәландыратын құжаттармен растамайтын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект осындай орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесі есебінен зертханалық сараптамалар жүргізбестен кәдеге жаратуға (жоюға) жатады немесе жүк жөнелтушіге (экспорттаушыға) қайтарылады.

Әкелуге рұқсат етілмеген орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер әкетуге жатады. Әкетуді орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесі өз есебінен және Еуразиялық экономикалық одақтың кеден заңнамасын сақтай отырып жүргізеді.

Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарға сәйкес келмейтін орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді әкету мүмкін болмаған жағдайда, мұндай орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер кәдеге жаратылады немесе жойылады.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні кәдеге жарату және/немесе қауіпті орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні жою кәдеге жарату және жою қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

20. Осы Қағидалардың 13-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес шешім қабылдаған ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы 2 (екі) сағат ішінде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесін, межелі орнын, жеткізу (импорттау кезінде), жөнелту (экспорттау кезінде) орнын көрсете отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ВББ арқылы өтуі туралы ведомствоның тиісті аумақтық бөлімшесінің уәкілетті тұлғасына және ведомствоның жауапты лауазымды тұлғасына Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер туралы жедел ақпаратты жібереді.

21. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау және қадағалау нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес ветеринариялық бақылау бекетінің экспорты және импорты өткізу тасымалдануын есепке алу журналын және ветеринариялық бақылау бекетінің транзитті өткізу тасымалдануын есепке алу журналы 2 және 3-нысандар бойынша орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің (тігілген және нөмірленген, мөртабанмен және басшының қолымен бекітілген) экспортын, импортын, транзитін есепке алу журналдарына, кейіннен оларды тиісті ақпараттық жүйеге енгізе отырып тиісті жазбаларды енгізеді.

22. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің импорты кезінде оның соңғы межелі пунктінде сынамаларды іріктеу және оның ветеринариялық-санитариялық сараптамасы жүзеге асырылады.

Мәліметтер мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектордың мөрімен және қолымен расталады.

23. ВББ-ның мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы қадағаланбайтын

жануарлардың республика аумағына өтуі анықталған жағдайда, көрсетілген жануарларды 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 246-бабына сәйкес одан әрі пайдалану туралы шешім қабылданғанға дейін оларды карантинге қою үшін тиісті шекара маңындағы аумақта орналасқан уәкілетті орган ведомствосының бөлімшесіне береді.

Ветеринариялық бақылау
бекеттерінде мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық
бақылауды және қадағалауды
жүзеге асыру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

ветеринариялық бақылау бекеті
Мекен-жайы

Телефон _____
E-mail _____

20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____ ветеринариялық-санитариялық қарап-тексеру (жете тексеру) актісі

Бұл акт _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі және лауазымы)

_____:

(аты, әкесінің аты (болған жағдайда) тегі және лауазымы) орны
ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің иесі немесе орны
ауыстырылатын

(тасымалданатын) объекті иесінің _____ жылғы " ____ " _____ №
_____ сенімхат

бойынша

өкілі _____

_____ қатысуымен жасалды, себебі _____ жылғы
" ____ " _____:

(күнін және уақытын (сағат, минут) көрсетіңіз)

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіге қарап-тексеру (жете тексеру)

жүргізілді _____

Өткізілген

орны

орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект _____ жылғы

"__" _____ № _____ ветеринариялық

және жүк

тасымалдау құжаттарымен келді, саны _____ орны

(басы) _____

салмағы

Көлік

түрі _____

Шыққан

(жіберілген)

елі

Жіберуші

Мына

мекен-жайға

(орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объекті сақтау немесе өндеуге,

карантиндеуге арналған және т.б. шаруашылық етуші субъектісінің атауы, мекен-жайы)

Мыналар анықталды:

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ілеспе құжаттарға сәйкестігі

(сәйкес келеді / сәйкес келмейді)

Көлік құралының (контейнердің) ішкі температурасы

(сәйкес келеді / сәйкес келмейді)

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің температурасы (жануардың термометриясы)

(сәйкес келеді / сәйкес келмейді)

Органолептикалық көрсеткіштер

(сәйкес келеді / сәйкес келмейді)

Шығарылған күні _____

(сәйкес келеді / сәйкес келмейді)

Өткізу

мерзімі

(сақтау)

(сәйкес келеді / сәйкес келмейді)

Қаптама _____

(сәйкес келеді / сәйкес келмейді)

Таңбалау

(сәйкес келеді / сәйкес келмейді)

Көлік құралының (контейнердің) ветеринариялық-санитариялық жағдайы

(сәйкес келеді / сәйкес келмейді)

Басқа мәліметтер (пломба нөмірі, жануарлардың ауруларға клиникалық белгілерінің болмауы, өлексенің болуы, бөгде заттар тағы басқа) _____

Уәкілетті

орган

бөлімшесінің

өкілі

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

Қатысқан

лауазымды

адамдар _____

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

Шаруашылық етуші субъектінің өкілі (орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің

иесі) _____

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

Акт үш данада жасалады. Мөр / Мөртабан орны

Ветеринариялық бақылау
бекеттерінде мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық
бақылауды және қадағалауды
жүзеге асыру қағидаларына
2-қосымша
Нысан

ветеринариялық бақылау бекеті
Мекен-жайы _____
Телефон _____
E-mail _____

20 ____ жылғы " ____ " _____ № ____ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерінің орын ауыстыруы кезіндегі ветеринариялық-санитариялық талаптардың бұзылуы туралы акт

Осы

акт

жасалды

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

жылғы _____ № _____ сенімхат негізінде әрекет ететін жүк
алушы өкілінің
(экспедиторы) _____

_____ қатысуымен
жасалды себебі

_____ жылғы " ____ " _____ : _____
(күнін және уақытын (сағат, минут) көрсетіңіз)

№ _____ көлік құжатына сәйкес _____ орын
ауыстырылатын
(тасымалданатын) объект _____

_____ келді
орын

ауыстырылатын (тасымалданатын) объекті жүк атауы _____

саны _____ басы (орны) _____ салмағы _____

_____ берген

(экспорттаушы ел, ұйым, аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

20 _____ жылғы " ____ " _____ № _____ ветеринариялық сертификат /
ветеринариялық

анықтама, сапа (қауіпсіздік) сертификаты

Жіберу

орны

(елі)

Жіберуші

Мына

мекен-жайға

(орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объекті сақтау немесе өндеуге,

карантиндеуге арналған және т.б. шаруашылық етуші субъектісінің атауы,
мекен-жайы)

Анықталды

Қазақстан Республикасының (Еуразиялық экономикалық одақтың)
ветеринария саласындағы
заңнамасының негізінде

шешім қабылданды

Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық
инспектор _____
(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

	Қатысқан	лауазымды	адамдар
--	----------	-----------	---------

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)
Шаруашылық етуші субъектінің өкілі (орны ауыстырылатын
(тасымалданатын) объектінің
несі) _____

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

Акт үш данада жасалады. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық
инспектор және актіні
жасауға негіз болған жағдайларды растауға қатысатын адамдар (кем дегенде
екі адам) қол қояды. Мөр орны

Ветеринариялық бақылау
бекеттерінде мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық
бақылауды және қадағалауды
жүзеге асыру қағидаларына
3-қосымша
Нысан

Мемлекеттік ветеринариялық қадағалау және бақылау мөртабандары

1.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	01 001
Ветеринариялық Шығаруға Мемветинспектор		қадағалау рұқсат

күні қолы		

2.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және	01 001
----	--	-----------

	қадағалау комитеті	
Ветеринариялық Шығаруға Мемветинспектор	тыйым	қадағалау салынады
күні қолы		

3.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	01 001
Ветеринариялық Кіргізуге Мемветинспектор		қадағалау рұқсат
күні қолы		

4.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	01 001
Ветеринариялық Кіргізуге Мемветинспектор	тыйым	қадағалау салынады
күні қолы		

5.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	01 001
Ветеринариялық Транзитке Мемветинспектор		қадағалау рұқсат
күні қолы		

6.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	01 001
Ветеринариялық Транзитке Мемветинспектор	тыйым	қадағалау салынады
күні қолы		

7.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	01 001
Ветеринариялық		қадағалау

Жүкті Мемветинспектор	кайтару

күні қолы	

8.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	01 001
Ветеринариялық Ветеринариялық Мемветинспектор	қадағалауға	қадағалау ұсыну

күні қолы		

9.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	01 001
Ветеринариялық УСҚ-ға Мемветинспектор	(КҚ-ға)	қадағалау түсіру

күні қолы		

10.

KZ	Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті	01 001
Ветеринариялық Транзит Мемветинспектор		қадағалау аяқталды

күні қолы		

Қолдану бойынша нұсқаулық

Мөртабандардың мөлшері: 60 миллиметр х 30 миллиметр.

Ветеринариялық бақылау және қадағалау кезінде пайдаланылатын мөртабандардың шартты белгілері:

Жоғарғы оң жақ бұрышында аймақ коды және үш таңбалы коды ветеринариялық бақылау пунктiнiң орналасқан коды көрсетiледi.

Мөртабанның жоғарғы жолында мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылау мен қадағалауды жүзеге асыратын уәкілетті орган - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті көрсетiледi.

Сол жақ жоғарғы бұрышында: мемлекеттің шартты белгісі - KZ.

1-мөртабан "Шығаруға рұқсат" - толық кедендік ресімдеу, ілеспе құжаттар сәйкес болған жағдайда, орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай болған кезде қойылады.

2-мөртабан "Шығаруға тыйым салынады" - толық кедендік ресімдеу ілеспе құжаттарға сәйкес келмеген кезде, орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің ветеринариялық-санитариялық талаптарға сай болмаған кезде қойылады.

3-мөртабан "Кіргізуге рұқсат" - орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің әкелуге рұқсаты бар болғанда және Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық-санитариялық талаптарына сәйкес болса Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерінде ілеспе құжатқа қойылады.

4-мөртабан "Кіргізуге тыйым салынады" - уәкілетті органның әкелуге рұқсаты болмаған жағдайда және орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық-санитариялық талаптарына сәйкес болмаса Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерінде ілеспе құжатқа қойылады.

5-мөртабан "Транзитке рұқсат" - жануарларды және жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы бойынша транзиттеуге рұқсаты бар болса, орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық-санитариялық талаптарына сәйкес және жануарларды қарау қорытындысы бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерінде ілеспе құжатқа қойылады.

6-мөртабан "Транзитке тыйым салынады" - жануарларды және жануарлардан алынатын өнімдермен шикізаттарды Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағы бойынша транзиттеуге рұқсаты бар болмаса, орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық-санитариялық талаптарына сәйкес емес және жануарларды қарау қорытындысы бойынша Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерінде ілеспе құжатқа қойылады.

7-мөртабан "Жүкті қайтару" - әкелінген орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздік талаптарға сәйкес емес жағдайда ілеспе құжатқа қойылады.

8-мөртабан "Ветеринариялық қадағалауға ұсыну" - белгілеу орнына транспорттық көліктен орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің түсіру кезінде өткізу пунктінде толық жете тексеру шешімі болған жағдайда

Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерінде ілеспе құжатқа қойылады.

9-мөртабан "УСҚ-ға (КҚ-ға) түсіру" - орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің рәсімдеу кезінде әкелінген орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің қауіпсіздігі және сапасы бойынша күмән немесе ветеринариялық іліспе құжаттың ұзақтығына күдік туындаса (Еуразиялық экономикалық одақ шегінде орны ауыстырылатын) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасындағы өткізу пункттерінде ілеспе құжатқа қойылады.

Ветеринариялық бақылау
бекеттерінде мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық
бақылауды және қадағалауды
жүзеге асыру қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Жүкті қайтару туралы декларация* / Non-manipulation declaration*

А. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің сипаттамасы/Consignment details

1. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің түрі / Consignment type

2. Шыққан елі / Country of origin

3. Көлік құралы / Means of transport

(вагонның, автокөліктің, контейнердің самолет рейсінің нөмірі, кемең атауы / the number of

railway carriage, truck, container, flight-number, name of the ship)

4. Пломбаның нөмірі / Seal number

5. Орын саны / Quantity of goods _____ Салмағы /Weight _____

6. Таңбасы / Labelling

7. Ветеринариялық сертификат номері / Veterinary Certificate number

Берілген күні / date of issue

8. Сертификатты берген уәкілетті орган / Issued by Competent authority

9. Жүк жөнелтілген Еуропа одағының соңғы мемлекеті / Member state in the European union

from which consignment last
ispatched

10. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің ұсынылған құжатқа сәйкестігі /

Consignment corresponds to documents presented

(иә/жоқ) (yes/no)

11. Көлік құралы ныңжәне тасымалдау режимінің сәйкестігі / Means of transport and regime of

transportation meets the relevant requirements

(иә/жоқ) (yes/no)

Өтінішке / Statement

Жоғарыда көрсетілген орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қолдануға рұқсат

етілмеген / The consignment mentioned above has been refused acceptance in

Импорттау кезінде кедендік одақтың мынадай ветеринариялық-санитариялық талаптар

орындалмау себебі бойынша / because it does not meet the following Customs union** veterinary import requirements:

Мен, мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор, Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына № _____

_____пломбамен

келіп түскен қайтарылатын орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің /The state

veterinary inspector, confirm that the returned consignment which entered the customs territory of

the Customs union with the seal No

тасымалдау

және сақтауды қоса алғанда, жағдайын өзгертетін қандайда бір манипуляциялар

жасалмағанын растаймын / has not undergone any handling altering its status including transport and storage.

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объект қайтарылған транспорттық құрал

пломбаланды № _____ /

The means of

transport which contains the returned consignment is resealed with the seal No

Декларацияны анықтайтын тұлғаның статусы / Status of person confirming the declaration

Аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, баспа әріптермен / Name in capital letters

Қолы / Signature

Лауазымы / Position

Уәкілетті орган / Competent authority

Күні / Date

Ескертпе:

*осы декларация тек Еуропа одағының мемлекеттері үшін ресімделеді;

** Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік пунктін көрсетіңіз / Indicate the customs entry point in the Customs union.

Ветеринариялық бақылау
бекеттерінде мемлекеттік
ветеринариялық-санитариялық
бақылауды және қадағалауды
жүзеге асыру қағидаларына
5-қосымша
Нысан

ветеринариялық бақылау бекеті
Мекен-жайы _____
Телефон _____
E-mail _____

20____ жылғы "____" _____ №____ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді қайтару туралы акт

Мен, _____ мемлекеттік _____ ветеринариялық-санитариялық _____ инспектор

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

_____ орын
ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні алушы өкілінің және басқа
тұлғалардың
қатысуымен, _____ (аты,
әкесінің аты (бар
болса) тегі, лауазымы, ұйымның атауы)

_____ қайтару _____ туралы _____ шешім
қабылданды _____
(орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы), орындар саны,
салмағы)

Алынған

(елдің атауы, Еуразиялық экономикалық одақтың өңірі) (алушының атауы және мекен-жайы,

телефоны)

Көлік

түрі

(Көлік құралының нөмірі мен атауы) Ілеспе құжаттар бойынша

(ветеринариялық сертификат, сапа және қауіпсіздік сертификаты)

Әкелуге

/

әкетуге

рұқсат,

нөмірі

мен

күні

(қажет

болса)

Жіберуші

Алушы

Қайтару

себептері

Мөр орны

Қолдары:

1. Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспектор

2. Жүкті алушының өкілі

3. Басқа жауапты адамдар

Акт _____ данада жасалады.

Орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні қайтару туралы №

_____ актінің _____ 1 _____ данасын
алдым _____

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

Орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні қайтару туралы №

_____ актінің _____ 2 _____ данасын
алдым _____

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

Орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні қайтару туралы №

_____ актінің _____ 3 _____ данасын
алдым _____

(аты, әкесінің аты (бар болса) тегі, лауазымы)

* Қайтару деректері қайтаруды жүзеге асырған уәкілетті органның
бөлімшесі арқылы

бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйеге енгізіледі.

Ветеринариялық бақылау
бекеттерінде мемлекеттік

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер қозғалысын
(шешімді көрсету:
уақытша тоқтату, қайтару, тыйым салу) туралы жедел ақпарат

Өткізу пункті немесе басқарылатын	Уақытша тоқтатқан, қайтарылған, тыйым салынған ұсталған күні	Көлік құралы	Жүру бағыты	Экспорттаушы ел	Орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілер саны	Орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді жіберуші	Еуразиялық экономикалық одақтағы алушы	Ұстау тоқтату, қайтару, тыйым салу себебі	Ветеринариялық сертификат номері, (химиялық немесе микробиологиялық синтезді ветеринариялық препараттар, азық қоспаларына сапа куәлігі)

Ветеринариялық бақылау бекеттерінде мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру қағидаларына 7-қосымша 1-нысан

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерінің қозғалысын тоқтата тұруды есепке алу журналы және олар бойынша қолданған шаралар

№	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тоқтата тұру уақыты және күні	Ұйыманың атауы және мекенжайы	Орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің түрі және саны: (жануарлар, өнімдер азық	Экспорттаушы, импорттаушы ел	Ұстау себебі	Қабылданған шаралар: жауапты сақтау, карантинде у, жою, қайтару	Уәкілетті орган бөлімшесіне хабарлау (күні, уақыт, кім қабылдады)	Хабарламаны берген мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлардың қолы
---	--	-------------------------------	--	------------------------------	--------------	---	---	---

			және тағы басқасы)			(негіз, шешімді кім қабылды)		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

2-нысан

_____ ветеринариялық бақылау бекетінің экспорты және импорты өткізу тасымалдануын есепке алу журналы

№	Ресімделген күні	Импорттаушы мемлекет, ұйым атауы, мекенжайы, алушының телефон нөмірі	Экспорттаушы ел, өндіруші және оның мекенжайы	Саны			Транспорт құралының түрі және нөмірі
				Орын ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы	Орын	Салмақ / бас	
1	2	3	4	5	6	7	8

кестенің жалғасы

Тауарлық-көліктік жүкқұжат нөмірі	Ветеринариялық ілеспе құжаттың берілген күні нөмірі	Өкелуге және әкетуге рұқсат нөмірі (қажет болса)	Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторлар қолы
9	10	11	12

3-нысан

_____ ветеринариялық бақылау бекетінің транзит өткізу тасымалдануын есепке алу журналы

№	Алушы ұйымның атауы, мекенжайы, телефон номері	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы	Саны		Экспорттаушы ел және оның мекенжайы	Импорттаушы ел	Транспорт құралының түрі және нөмірі
			Орын	Салмақ / бас			
1	2	3	4	5	6	7	8

кесте жалғасы

Тауарлық-	Ветеринариялық	Транзитке берілген	Қарау қорытындысы	Мемлекеттік
-----------	----------------	--------------------	-------------------	-------------

көліктік жүкқұжат нөмірі	ілеспе құжаттың берілген күні номері	рұқсаттың нөмірі (қажет болса)	(жануарлар үшін)	ветеринариялық- санитариялық инспектордың қолы
9	10	11	12	13